

## № 13 Лекция тақырыбы: 5-БЛОК. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы және ҚР мемлекеттік құрылысы

### Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
2. Заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру.

### Лекция мазмұны.

1. Тәуелсіздікті жариялау қарсаңындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай
2. Тәуелсіз Қазақстанды дамытудың мемлекеттік стратегиясының белгіленуі.
3. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру
4. ҚР мемлекеттік шекарасын делимитация және демаркациялау нәтижелері. және Ұлттық қауіпсіздікті нығайту.
5. Құқық қорғау жүйесін оңтайландыру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды нығайту
6. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері.

#### **1.Тәуелсіздікті жариялау қарсаңындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдай.**

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда алғашқы жылдардағы кездескен көптеген қиыншылықтар мен қайшылықтарға қарамастан экономиканы дамытуда, әлеуметтік мәселелерді шешуде біршама жұмыстар атқарылды және елеулі табыстарға қол жетті. Соның нәтижесінде біздің еліміз ТМД мемлекеттерінің арасында өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Қазақстан бүгін әлемнің ең серпінді дамып келе жатқан елдерінің бірі саналады. Еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына ену жөніндегі міндеттерді шешуде айтарлықтай ілгері жылжыды. Біздің мемлекет тәуелсіздіктің он алты жылында экономикалық, әлеуметтік қуатты реформаларды жедел де тиімді іске қосып, қай салада да ТМД елдері ішінде көшбасшы атанды.

1991жылғы 16 желтоқсанда Республика тәуелсіздік алды. Жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге көшу оңай тимеді. Бұрынғы КСРО-нің одақтас республикалары арасында экономикалық байланыстар үзіліп, бір бірінен алшақтай бастады. Республикалардың әрқайсысы шиеліністерден шығу жолында тек өз күші мен қабілетіне сүйенді. Баға босатылды. Негізгі тұтыну тауарлардың жетіспеушілігі байқалды. Республика азаматтарының тұрмыс жағдайы одан әрі нашарлап, халық қарапайым тіршілік үшін күресті. Жұрттың жалақысы тек азық-түлік алуға зорға жетті. Еуропалық ұлттар өкілдері өз еліне қоныс аударуы көбейіп, республика халқы едәуір азайды. Көптеген завод, фабрикалар жұмысы тоқтап қалды. Жұмыссыздық өсті. Отбасы қатынастарының бұзылуы, ажырасулар мен әлеуметтік проблемалар көбейді. 1993-1994 жылдары өнеркәсіптік өндіріс көлемі екі есе, ауылшаруашылықта – үш есе, транспорттік жүк тасымалдау үштен екі есе қысқарды.

Халықтың кіріс деңгейі күрт төмендеді. Инфляция деңгейі 3000% және одан да жоғары болды. Нарықтық экономикаға көшуде 15000-дей өнеркәсіп орындарды жекешеліндіруде біраз қателіктер жіберілді. Мүлік талан-таражға түсіп, берекесіздік тудырып, ақыры экономикалық терең дағдарысқа ұшырауына басты себебіне айналды. Осындай жағдайда шешуші әлеуметтік-экономикалық шаралар қажет болды. Сондықтан егемендіктің алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшылығы таңдаған *«алдымен - экономика, содан соң – саясат»* деген айқын жолмен ілгерілеп келе жатырмыз.

Тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен бастап республика басшылығы ұлттық валюта енгізу бойынша дайындық жұмыстарын жүргізді. Онсыз шынайы дербес егеменді

мемлекет болу мүмкін емес еді. 1992 жылы Қазақстанда аса құпия жағдайда ұлттық валюта дайындалып жатқанда, Қазақстан рубльдік аймақтағы орны туралы Ресеймен өте қиын келісімдер жүргізуді жалғастырды. Өз жағынан Ресей ақша-валюта жүйесіндегі мәселелерді біздің республикамен келісіп шешетіні туралы уәделерін берді. Осы кездегі жағдайды Елбасы Н.Назарбаев былай түсіндіреді: «Мен рубль аймағын сақтауға тырыстым. Оның екі себебі бар еді. Біріншіден, ол аймақтың бұзылуы ТМД елдерінен алшақтауды тездетер еді. Екіншіден, расын айтсақ, біз әзір емес едік». ТМД басшылары елдерінде өз валюталарын енгізер алдында 3 ай бұрын хабардар ету міндеті туралы келісімге қол қойды. Бірақ 1993 жылы шілде айында Ресей келісімді бұзып өз валютасын енгізді. Ресей 1993 жылғы жаңа рубль негізінде бірігей рубльдік аймақты құруды ұсынды. Қазақстанға 3 күн бұрын ғана хабар берілді. Ресей Қазақстан үшін қажетті мөлшерде арнайы ақша бастырып беретіні туралы тағыда сендірді да жаңа рубльді жібермей қойды. Гиперинфляция жағдайда баға шарықтай түсті. Ресей және басқа республикалардан Қазақстанға ескі үлгідегі кеңес купюраларының ағыны қаптап келді. Дүкендердің сөрелерінен азық-түлік және тұрмысқа қажетті тауарлар жоқ болып кетті. Қазақстанға едәуір экономикалық шығын әкелді. Елдегі экономикалық дағдарыс өрши түсті. Ескі рубльдің девальвациясы басталды. Сондықтан Қазақстан ұлттық валюта енгізуді асығыс кірісті. Дер кезінде қамданып үлгерген Қазақстан өзінің экономикалық та, саяси тәуелсіздігін сақтап қала алды.

Алғашқы ұлттық ақша Ұлыбританияда басылды. Мемлекет басшысы тенге дизайн жасауда тікелей өзі қатысты. Ақша номиналдарында Ш.Уәлиханов, А.Құнанбайұлы, Әл Фараби, т.б. тарихи тұлғалар суреттері бедерленді. Ұлттық валюта Алматыға арнайы рейспен ұшақпен тасылды.

1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – тенге енгізілді. Елдегі инфляция өрісін ырықтандыруда «ҚР Ұлттық банк туралы» Заң ықпал етті, соған сәйкес Ұлттық банк Президентке ғана есеп береді және өзіне белгіленген өкілеттік шегінде өз қызметінде тәуелсіз. Қазақстан бұрынғы КСРО орталық құқықтарын иемденуші көрші Ресей мемлекетінен ақша-қаржы саясатында толық тәуелсіз болуға қол жеткізді. Ұлттық валюта енгізуі зор тарихи маңызы бар. Ол Қазақстан Республикасы экономикалық тәуелсіздігінің айқын көрінісі болып табылады. Н.Назарбаев дәл айтқандай: *«Біздің ұлттық валюта – тенге – ел тәуелсіздігінің символы»*. Шынайы егемендікке қол жеткізген қазақстандықтардың патриоттық рух деңгейі өсті. Ұлттық валюта енгізуі терең әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізуге жол ашты. Халықаралық валюталық операциялар жүргізуге мүмкіндіктер кеңейді. Елімізде 200 жаңа банктер құрылды, соның ішінде шетелдіктердің де қатысуымен. 1993 жылдан бастап Қазақстанда шетелдік банктер ашыла бастады. Жаңа жағдайда мемлекет басшылығы зейнеткерлер, студенттер, мүгедектерді әлеуметтік қорғау мен қолдау іс-шаралар жүргізуге белсенді кірісті.

Мемлекеттік стратегияны талдауда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері маңызды болып табылады. Өйткені, Елбасы еңбектерінде мемлекет пен азаматтық қоғамның дамуы, ішкі және сыртқы саяси жағдайлар туралы, тәуелсіздіктің қалыптасу үрдісіндегі мәселелер, табыстар мен қиыншылықтар туралы толық ақпарат беріледі.

Тәуелсіздік алған алғашқы кезден бастап, елде болып жатқан өзгерістерді талдау арқылы Қазақстан басшысы өзінің назарын болашақтың бағытын айқындауға аударды. Айтап айтқанда, Президент Н. Ә. Назарбаев 1992 жылы жарық көрген "Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы" - деген еңбегінде жаңа тарихи жағдайға байланысты еліміздің егеменді мемлекет белуының стратегиялық міндеттерін көрсетіп берді. Онда айтылған кейбір маңызды қағидалар мен тұжырымдар Егемен Қазақстанның бірінші Конституциясында өзінің көрінісін тапты.

Бұдан кейін мемлекет алдында бой кетерген жаңа тактикалық мақсаттардың іске асу шаралары белгіленді. Оны Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің 1993 жылы жазған "Қазақстанның болашағы - қоғамдық идеялық бірлігінде" - деген еңбегінде ашып берді.

Мұнда Президент Тәуелсіз еліміздің одан әрі күшейіп нығаюында қоғамдық ынтымақтастық пен жарастықты іске асырудың жолдарын анықтады.

Қазақстан егемендік алғаннан кейін зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құруға кірісті. Мұны іске асыруда еліміздің тарихи және отарлауда болған мұрасы, оның саяси мәдениетінің өзіндік ерекшелігі, мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасы жан-жақты ескерілді. Елімізде саяси партиялардың және партиялық жүйелердің орнығуына, күшті заң шығарушы органның, тәуелсіз баспасөз және автономиялық жергілікті басқарудың дамуына көп көңіл бөлінді. Қоғамды демократияландыру барысында жаңа саяси институттар – парламент, 1993-ші 1995 жылдардағы Конституциялар қабылданды, тәуелсіз сот билігі қалыптасты.

Тәуелсіздік алған алғашқы кезден бастап, елде болып жатқан өзгерістерді талдау арқылы Қазақстан басшысы өзінің назарын болашақтың бағытын айқындауға аударды. Атап айтқанда, Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылы жарық көрген «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде жаңа тарихи жағдайға байланысты еліміздің егеменді мемлекет болуының стратегиялық міндеттерін көрсетіп берді. Онда айтылған кейбір маңызды қағидалар мен тұжырымдар Егемен Қазақстанның бірінші Конституциясында өзінің көрінісін тапты.

Бұдан кейін мемлекет алдында бой көтерген жаңа тактикалық мақсаттарының іске асу шаралары белгіленді. Оны Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің 1993 жылы жазған «Қазақстанның болашағы – қоғамдық идеялық бірлігінде» - деген еңбегінде ашып берді. Мұнда Президент Тәуелсіз еліміздің одан әрі күшейіп нығаюына қоғамдық ынтымақтастық пен жарастықты іске асырудың жолдарын анықтады.

Жалпы тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанның саяси-экономикалық дамуында Республика басты үш кезеңді өтті.

Біріншісі (1991-1995 жылдар), бұл кезде еліміз кеңестік жүйені бұзып, мемлекеттің негіздерін құрумен айналысты. Елде бірпартиялық өктемдіктен саяси плюрализмге көшуге, демократиялық даму негіздерін құруға назар аударылды.

Екінші кезең (1996-2000 жылдар) экономика мен саяси жүйенің терең құрылымдық өзгерістерін іске асырумен байланысты болды. 1995 жылы қабылданған Конституция негізінде жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру орын алды.

Үшінші кезең (2001-2007 жылдар) – экономикалық өсу уақыты. Бұл кезде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайды серпінді дамытуға қолы жетті.

Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясында Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықты, әлеуметтік мемлекет деген анықтама берілген. Құқықтық мемлекет дегеніміз өзінің заңы бар, ел басынан бастап қарапайым азаматтарға дейін түгел заңға бағынатын, мемлекеттің ішінде барлық ұйымдар, партиялар, қоғамдар өз іс әрекетін заңдық негізде жүргізетін мемлекетті айтады. Бүгінгі таңда Қазақстанда қоғамдық өмірдің барлық саласында туындайтын қатынастарды реттейтін заң, ережелер бекітіліп іске асырылуда. Құқықты мемлекет қалыптастырудың негізі Қазақстан Республикасының конституциясында тұжырымдалған. Конституция бойынша Республикада билік бөлісу жүйесі демократиялық принциптер негізінде жүзеге асуда. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы президенттік мемлекет. Сондықтан да Конституция Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің басшысы, ең жоғарғы лауазымды адам, мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстан атынан өкілдігі бар деген анықтама берілген.

Конституция бойынша Қазақстанда мемлекет билігін бөлісу демократиялық принциптер негізінде жүзеге асып отыр. Республикада заң қабылдау билігі **парламент**, орындаушы билікті **үкімет**, сот билігін әр түрлі сатыдағы **соттар** жүзеге асырып отыр.

Қазақстан республикасында құқықты мемлекет құру мақсатын шешуде республикада жүріліп жатқан сот реформасы маңызды роль атқарады.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң саяси өмірдің тұрақтылығы артты. Саяси өмірде демократия, жариялылық принциптері жүзеге асып халықтың саяси белсенділігі арта түсті.

Демократия және жариялылық принциптері Қазақстанның 1993 және 1995 жылғы Конституцияларынан көрініс тапты.

Кеңес дәуірінде қалыптасқан социалистік демократияның орнына дүниежүзінің өркениетті елдерінің озық тәжірибесіне негізделген толық қанды демократиялық принциптер қалыптасып отыр. Қазақстан халқы ел өмірінің маңызды мәселелерін референдумда дауыс беру арқылы шешіп отырды. Бұл ел билеу ісіне халық бұқараның тікелей қатысып отырғанына дәлел. Ел басы, парламент баламалы түрде сайланады.

Қазақстанда үкімет билігін бөлісу конституцияда демократиялық жолмен шешілген. Заң, ереже қабылдау функциясын парламент, атқарушы билікті үкімет, сот билігін барлық дәрежедегі соттар жүзеге асырады.

Қазақстанда көп партиялық жүйенің қалыптасуы демократияның негізгі көріністерінің бірі. Партиялар ел басының, парламенттің сайлауына еркін қатысады. Мәжілісте партиялардың фракциясы бар.

Конституцияда азаматтарға толық құқық және бостандық беріліп, оларды жүзеге асыру мүмкіндігін үкімет өз мойнына алып отыр. Конституцияда көрсетілген сөз, баспаға жазу бостандығын жүзеге асыруда Кеңес дәуірінде енгізілген цензураның жойылуы, еркін бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы маңызды роль атқарады.

Қазақстанда саяси және идеологиялық әртүрлілік қалыптасты. Саяси әртүрлілік әр түрлі саяси партиялардың өмір сүруі, идеологиялық әртүрлілік әртүрлі идеологиялық пікір ағымдардың болуына жол беру арқылы қамтамасыз етіліп отыр.

Тәуелсіз, еркін бұқаралық ақпарат құралдарының қалыптасуы жариялылық принципін жүзеге асырудың негізгі құралы.

Қазақстанда демократияның өрістеді, саяси әртүрліліктің қалыптасуының негізгі нәтижелерінің бірі **көп партиялық жүйенің** қалыптасуы. Қазақстанда бір партияның үстемдігі жойылып, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының саяси еркін айқындау мақсатымен саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар құрылды. Саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарды құру тәртібі, олардың құқықтың мәртебесі Қазақстан республикасының конституциясы мен арнаулы заңда көрсетілген. Қазақстанның нарықтық экономикаға өту кезеңі басталғанда елде жүзден астам саяси партия, қоғамдық ұйымдар болды.

Конституцияда және саяси партия туралы заңда **саяси партиялардың** тәуелсіздігі, мемлекеттің олардың ісіне араласпайтыны, саяси партиялардың заң алдында тең құқықтығы, саяси партияларды мемлекет қаржыландыруға тыйым салынатындығы, республиканың конституциялық құрылымын күшпен өзгерту, елдің қауыпсіздігіне нұқсан келтіру, ұлттық, расалық, діни, рулық қақтығысты насихаттаушы партиялардың құрылуына тыйым салынатыны, Қазақстанда басқа елдердің саяси партиясының құрылуына, іс әрекет жүргізуіне тыйым салынатыны заңдастырылған. 1996 жылы қабылданған саяси партиялар туралы заңда саяси партияларды құрудың құқықтық негіздері, олардың құқығы мен міндеттері, іс әрекетіне берілетін кепілдіктер, партиялар мен мемлекет органдарының ара байланысы сияқты мәселелер көрсетілді.

Заңда саяси партияларға кең құқық берілді. Олар өз іс әрекеті туралы мәлімет таратуға, өзінің мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға, сайлауға қатысып, президентке, мәжіліске, маслихаттарға кандидаттар ұсынуға мәжілісте партия фракциясын құруға, бұқаралық ақпарат құралдарын орнатуға, баспа қызметін жүргізуге, жиналыс, митинг, шеру жүргізуге құқылы. Бүгінгі таңда саяси партиялар аталмыш құқықтармен еркін пайдаланып отыр.

Алайда, осы белгіленген стратегиялық міндеттерді тәжірибе жүзінде іске асыруда көптеген қиыншылықтар мен кемшіліктер кездесті. Оны орындауда дәрменсіздік көрсеткен С. Терещенко басқарған (1992 ж. бастап) Министрлер Кабинеті 1994 жылы отставкаға

кетті. Оның орнына Ә. Қажыгелдин бастаған жас саясаткерлерден тұратын жаңа үкімет келді. Бұл үкімет таяудағы үш жыл ішінде елімізде болып жатқан реформаларды іске асырудың жаңа бағытын белгіледі, осы бағытта бірқатар жұмыстар жүргізді. Бірақ өзінің бағдарламасын аяғына дейін жеткізбей Ә. Қажыгелдиннің үкіметі 1997 жылдың 10 қазан күні отставкаға шықты. Оған себеп, алдымен, жекешелендіру бағдарламасында кеткен үлкен қателіктердің салдары болды, содан соң елімізде әлеуметтік әділетсіздіктің орын алғанын айтуға болады.

Ә. Қажыгелдин Үкіметінің орнына Н. Балғымбаев басқарған төртінші үкімет келіп екі жыл (1997-1999 жж.) қызмет етті. Бұл үкіметте қиын кезеңде жұмыс істеді. Елде қордаланып қалған қарыздарды қайтару, сыртқа шығарылатын шикізат өнімдері бағасының құлдырауы, көрші елдердегі экономикалық дағдарыстың Қазақстанға әсер» көзінде жұмыс істеуге тура келді.

Үкімет сыртқы факторлардың жағымсыз әсеріне қарамастан, тұтас алғанда макроэкономикалық тұрақтылықты сақтап қалды. Сондай-ақ, бұрынғы заемдарды төлеуде, мемлекеттің ішкі және сыртқы міндеттемелерін орындауды Н. Балғымбаев басқарған үкімет бірқатар айтуға тұрарлық қызмет атқарды.

1999 жылы қараша айында Қазақстан үкіметі басына Қ. Тоқаев басқарған бесінші үкімет тағайындалды. Жаңа үкімет Республика Парламентінде өзінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын ұсынып бекітті. Ондағы шешілуге тиісті басты проблемалар негізінен "Қазақстан - 2030" стратегиялық бағдарламадан туындағанды.

Бірінші. Еліміздегі қатаң бюджет мәселесін ескере отырып, одан тиісті қорытынды жасау, бюджетті жоспарлауда жетімсіздіктер болып жатса, оны түзету, кірісті жинақтауда резервтер болатын болса, оны іске қосу, яғни қаржы көзін, оны қолданудың әдістемелерін жете пайдалану. Екінші. Экономиканы, қаржы және заңдылық жүйесін реформалауды одан әрі жалғастыру, әлеуметтік саладағы реформаларға баса назар аудару.

Үшінші. Елге инвестицияның қажеттілігін ескеріп, белгілі және салықалы инвесторларды іздеп табу, олардың мемлекет экономикасына деген ынтасын арттыру.

Төртінші. Сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейту.

Бесінші. Өндірісті жандандыру, отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсетіп, кіші және орта бизнестің мәселелерін шешу.

Алтыншы. 2000-шы жылдың басына дейін зейнетақы қарызынан құтылу.

1999 жылдың қараша айынан 2002 ж. қаңтар айына дейін қызмет істеген Қ. Тоқаевтың үкіметі өзінің алдына қойған іс-қимыл бағдарламасын орындауда бірқатар әлеуметтік-экономикалық бағыттағы ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Олардың бірсыпырасы жүзеге асты, дегенмен кейбір мәселелер аяғына дейін орындалмады.

2002 жылы қаңтар айында Қазақстан Үкіметі басына И. Тасмағамбетов басқарған алтыншы үкімет келді. Жаңа үкіметтің алдына бірқатар күрделі міндеттер қойылды:

• біріншіден, экономикалық диверсификацияға қол жеткізу арқылы өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру;

• екіншіден, қор рыногын дамыту;

• үшіншіден, аграрлық сектордағы реформаларды одан әрі жалғастыру;

• төртіншіден, биліктің әр деңгейіндегі өкілеттіктің ара жігін айқындау.

И.Тасмағамбетов басқарған үкімет өзінің қызметінде еліміздің экономикасын дамытуға айырықша кеңіл бөлуді одан әрі жалғастырды. Осы бағытта 2002 ж. мемлекеттің бюджетін бірнеше рет талқылап, еліміздегі экономикалық және кейбір күрделенген әлеуметтік мәселелерді шешу үшін шара қолдануды қолға алды. Үкімет Ел басының тапсырмасымен 2003 ж. бюджеттен бөлінетін қаржыны білім беру саласына 33 пайызға, денсаулық саласына - 38, мәдениетті қаржыландыруға — 27 пайызға көбейтті. 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақы және жалақы деңгейі 12 пайызға есірілді. Сондай-ақ, азаматтардың бұрынғы КСРО жинақ банкісіндегі "жоғалған" салымдары қайтарылу жөнінде шешім қабылдап, жүзеге асырыла бастады.

Алайда, 2003 жылғы 11 маусым күні И. Тасмағанбетов өз өтінішімен үкімет басынан кетті. Бір жыл бес ай уақыт ішінде жұмыс істеген бұл үкімет тұсында республикада экономикалық реформаларды дамыту барысында бірсыпыра істер атқарылды. Әлеуметтік даму мәселесіне де ерекше назар аударылып, халықтың әл-ауқат деңгейі өсті. Қазақстанның 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтитын Стратегиялық бағдарламасына сай 2003-2005 жылдарға арналған елдің индустрия-лық-инновациялық даму бағдарламалары қабылданды.

2003 жылғы 13 маусым күні Президенттің жарлығымен И. Тасмағанбетовтың орнына жетінші Премьер-министр болып Д. К. Ахметов тағайындалды.

1991 және 2003 жылдар аралығында Егемен Қазақстанның жоғары заң шығарушы органы- Парламентте төрт рет өзгеріске ұшырады. Бірінші рет, 1990 жылы 12-ші шақырылумен сайланған Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылдың желтоқсан айында көптеген депутаттардың өз міндеттерінен бас тартуымен байланысты тарады.

Одан кейін 13-ші шақырылумен сайланған Парламенттің өмірі де ұзақ болмады. Себебі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы желтоқсанда бекіткен сайлау Кодексі негізінде 1994 жылғы наурызда сайланған Парламент 1995 жылғы мамырда заңсыз деп табылды. Бұған сайлау барысында аталған Кодекс баптарының өрескел бұзылуы себеп болды. Міне, осымен байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Заң күші бар "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі пәрмені бойынша сол жылдың желтоқсан айында жаңа парламент сайлауы өткізілді. Ал 1997 жылдың қазан айында Парламенттің жоғары палатасына сайланған депутаттардың құрамының жартысы өзгертіліп, оларға жаңа сайлау жүргізілді.

Еліміздегі жоғары басқару жүйелеріндегі өзгерістер жергілікті атқару органдарының да өзгеруіне алып келді. Бұларда егемендік алған кезден бері үш рет өзгеріске ұшырады. Алдымен жергілікті атқарушы органдар өоблыстық, қалалық, аудандық атқару комитеттері болып құрылды. Кейіннен барлық атқару комитеттері мен Кеңестерді қосып, оларды бір адам-Кеңес төрағасы басқаратын болды. Ақырында келіп атқару жүйесін -әкімдер, өкілдік органдарды - Мәслихат басқаратын болды.

Соңғы жылдары әкімшілік-басқару аппаратын қысқарту және құрылымдық оңтайландыру жөнінде батыл шаралар қолданылды. Орталық Үкімет қайта құрылды және сан жағынан ықшамдалды. Жергілікті жерлердегі басқару құрылымдары да едәуір қысқарды. 1997 жылы 50-ден астам министрлік пен ведомстволардың 25-і ғана қалдырылды. 19 әкімшілік облыстың бесеуі, 220 әкімшілік ауданының 30-ға жуығы таратылды, сөйтіп 5 мыңға жуық қызметкер қысқарды.

Еліміздегі демократия және ұлт мәселесі жөнінде айтқанда, тағы бір көңіл аударатын мәселе - Қазақстан халықтары Ассамблеясының қоғамымыздың дамуындағы рөлі. Мұндай ұйым ТМД елдерінің ешбірінде осы кезге дейін құрылмаған. Ең бір қиын күндерде ол шын мәніндегі халық өкілеттілігінің органына айналды. Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы шешім 1992 ж. желтоқсанда өткен Қазақстан халықтары құрылтайында қабылданды. Онда Ассамблея парламенттің немесе атқару билігі органының баламасы бола алмайды - деп көрсетілді. Бірақ ол мүдделестер клубы сияқты қуыршақ ұйым да болуға тиісті емес еді. Ұзақ ізденістердің, ұлттық мәдени орталықтар өкілдерінің, этнологтардың, заңгерлердің, басқа да салалар мамандарының пікірлерін зерттей келе, Ассамблеяға мемлекет басшысының жанындағы консультативті-кеңесші орган дәрежесін беру ұйғарылды. Нәтижесінде ол өз қызметінің жемістерін бере бастады. Ұлт саясатына байланысты көптеген ұсыныстар енгізуімен қатар, ол адамдармен күнбе-күн нақты жұмыстар жүргізді, бұл оның беделін өсірді.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының Сессияларында біздің елді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен татулығы, конституциялық заңдарды сақтау, халықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және т.б. көкейтесті маңызды мәселелер талқыланады.

Сайлау қорытындысы бойынша Қазақстан халық бірлігі партиясы басқа әріптестерінен көп ілгері болып шықты. Парламентке олардың 24 мүшесі, Демократиялық партияның -12, Шаруалар одағының - 7, Жастар одағы мен Инженерлер одағының - 3-тен, Қазақстан Коммунистік партиясының - 2 мүшесі сайланды. Қазақстан Халық конгресі партиясы, Қазақстан Дәуірлеу партиясы мен Қазақстан Халықтық кооперативтік партиясының заң шығарушы органына бір-бірден өкілі кірді.

1995 жылғы желтоқсанда өткен бірінші қоспалаталы парламент сайлауынан кейін Қазақстанда қоғамды демократияландыру қадамдары одан әрі жалғасын тапты. Ашық баламалы сайлау, саяси күрес мәдениеті, көппартиялық жүйеге кең жол ашылды. Оның нақтылы дәлелі ретінде елімізде жүргізілген Президент, Парламент Сенаты, Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауды айтуға болады. 1999 жылғы қаңтардың 10-ында болып өткен Қазақстан Президенті сайлауына балама негізде 4 кандидат тіркелді. Олар: Коммунистік партия өкілі С.Ә.Әбділдин, Сенат депутаты Ә.Ф. Ғаббасов, Мемлекеттік Кеден комитетінің төрағасы Ғ.Е.Қасымов және Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев.

Қазақстан Президентін сайлауға дауыс беру үшін жасалған тізімге енгізілген 8.419.283 сайлаушының дауыс беруге - 7.328.970-і немесе барлық сайлаушылардың 87,05 пайызы қатысты. Дауыс беру қорытындысында Н. Ә. Назарбаев жеңіске жетіп, қайтадан Қазақстан Республикасы Президенті болып сайланды. Оған дауыс беруге қатысқан барлық сайлаушылардың 79,79 пайызы өз дауыстарын берді.

1999 жылғы 17 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау етті. Сенатқа 14 облыстан және Астана мен Алматы қалаларынан бір-бірден депутат сайлануға тиіс болды. Оның сыртында Президент жеті сенаторды өзі тағайындайды. Сенаттағы 16 орынға 35 адам таласқа түсті. Сайлау барысында Парламент Сенатына депутаттық кандидаттарға Республика бойынша 4833 тандау-шының 4179-ы дауыс беруге қатысты немесе бұл тандаушылардың жалпы санының 86,5 пайызы болатын. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Парламентінің

Сенатына дауыс беру барысында 16 кандидат депутат болып сайланды.

Қазақстан Конституциясының талабына сай 2002 жылы 8 қазанда Республика парламентінің жоғарғы палатасы-Сенаттың босаған орындарына қосымша сайлау жүргізілді. Оның барысында жоғарғы палата құрылымының үштен бірі жаңартылды. Барлық бос орындарға 30-дан астам кандидаттар дауысқа түсті, олардың 16-сы Сенат депутаты болып сайланды.

1999 жылғы 10 қазанда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау елімізде бірінші рет тек қана бір мандатты округтерде ғана емес, сондай-ақ партиялық тізімдер бойынша да етті. Сайлау көзінде Орталық сайлау комиссиясы 10 саяси партияның партиялық тізімін тіркеді. Дауыс беру қорытындысында Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісіне партиялық тізіммен Отан партиясының төрт өкілі, Қазақстан Аграрлық, Қазақстан Азаматтық және Қазақстан Коммунистік партиясынан екі-екіден өкілдері депутат болып сайланды.

Мұның өзі Парламентте саяси партиялардың депутаттары да ресми әрі жеткілікті түрде болатындығын білдіреді. Бұл Қазақстандағы нақты көппартиялы демократияның қалыптасу кезеңінің жаңа бір қадамын көрсетеді. Мұндай өзгеріске басқа мемлекеттер мен елдер және халықаралық демократиялық ұйымдар өздерінің оң көзқарастарын білдірді.

Бұл жағдай еліміздің дамуына, өркендеуіне, қоғамы-мыздың одан әрі демократиялануына, реформаның тереңдеуіне, экономикамыздың, әл-ауқатымыздың, тұрмыстіршілігіміздің жақсаруына игілікпал тигізетініне сенімімізді күшейтеді.

Атап айтқанда, еліміздің экономикасы мен мемлекеттік құрылыстағы жетістіктері қоғамды одан әрі демократияландыру процесін тереңдете түсуге жағдай жасауда. Қазіргі кезде мемлекет бұл саланы одан әрі реформалаудың қалай болатынын қалыптастырды. Демократиялық өзекті мәселелер бойынша саяси партиялардың рөлін күшейту, сайлау заңнамасын жетілдіру, жергілікті жерлерге өзін-өзі басқару, үкіметтік емес ұйымдардың

және тұтастай алғанда азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыру, баспасөз бостандығын нығайту т.б. институттар өздерінің тиісті мәселелерін шешуге мүмкіндік алды.

Қазақстан Республикасы жанында алдағы уақыттағы демократияландыру мен азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Тұрақты Кенес 2003 жылдан бастап қызмет істеп жатыр. 2003 жылдың бірінші жартысында біздің елімізде Ұлттық кеңес, Бұқаралық ақпарат құралдары жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылды.

**2.Тәуелсіз Қазақстанды дамытудың мемлекеттік стратегиясының белгіленуі.** Тәуелсіздік алдында аса ауыр жағдайда Қазақстан Президенті «Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды ҚазКСР-і үкіметінің қол астына көшіру жөнінде» Жарлық шығарды. Алтын және алмаз қоры құрылды. Қазақстан дербес сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыз етті.

Егеменді елдің әрбір азаматы құрметтеуге және мақтаныш етуге тиісті ресми рәміздері бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері - Ту, Елтаңба және Әнұранының сипаттамалары және ресми пайдаланылу тәртібі конституциялық «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік рәміздер туралы» заңмен белгіленген. Бұл заң 2007 жылдың 4 маусымында қабылданған болатын. Алайда, Қазақстан Республикасы рәміздерінің тарихы 1996 жылғы 24 қаңтарда қабылданып, қазіргі таңда күші жойылған Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заңынан басталуда. Туып-өскен жердің мемлекеттік рәміздерінің мағынасын түсіну – әрбір Қазақстан азаматының борышы.Әр жас ұрпақ, лауазымды тұлға мемлекеттік рәміздерін заңнамаға сәйкес қадірлеп, қастерлеп, құрмет тұтуы қажет.

Н. Назарбаев 1992 жылы 4 -маусымда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы туралы», «Қазақстан Республикасының елтаңбасы туралы» және «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының музыкалық редакциясы туралы» Заңға қол қойды. Сол күні Президент резиденциясы мен Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің алдына Мемлекеттік ту тігіліп, елтаңба ілінді. 1992 жылдың 11 желтоқсанында Мемлекеттік әнұранның мәтіні бекітілді. Соңынан мемлекеттік рәміздер туралы ереже 1996 жылғы 24 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» арнайы конституциялық заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен айқындалды. Тудың авторы – суретші Ш. Ниязбеков, елтаңбаның авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздерінің бірі – әнұран, мемлекеттік Ту мен мемлекеттік Елтаңбаның поэтикалық-музыкалық баламасы. Әнұран салтанатты рәсімдерде, мемлекеттік органдарда өткізетін өзге де шараларға байланысты орындалады. Алғашқы мемлекеттік әнұранды жазу үшін шығармашылық байқау жарияланды. Оған Қазақстан ақын, сазгерлері қатысты. Мемлекеттік рәміздер жөніндегі үкіметтік комиссияның шешімімен ақындар: М. Әлімбаев, Қ. Мырзалиев, Т. Молдағалиев, Ж.Дәрібаева шығарған өлең сөзі бекітілді. Әуені – кеңестік кезеңде М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди жазған бұрынғы мемлекеттік әнұран болып белгіленді.

2006 жылдың 6-қаңтарында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен Сенатының бірлескен отырысында жаңа әнұран қабылдау туралы айтылды. Заң жобасын талқылау барысында бірқатар депутаттар («Менің Қазақстаным») жаңа әнұранның авторлар құрамына Н.Ә. Назарбаевты ресми түрде қосу туралы ұсыныстарын білдірді. Парламент депутаттары жаңа әнұран мәтінінің авторлары Ж. Нәжімеденов пен Н.Ә. Назарбаевты бір ауыздан қолдады. Ал, әні бұрынғы қалпында сақталды.

2006 жылдың 10 қаңтар күні Қазақстанның тарихына еліміздің жаңа әнұранның туған күні ретінде кірді. Алғаш рет жаңа әнұран ресми түрде 11 қаңтарда, Ақордада Президент Н.Ә. Назарбаевтың кезекті президенттік сайлауда жеңіске жетуіне байланысты ұлықтау рәсімінде орындалды.



1993 жылы қабылданған Қазақстанның Конституциясы уақытша еді. Негізгі Ата Заңда жер жеке меншікке берілмеді. Жергілікті Кеңестер жаңа нарықтық реформаларды тежеді. Жаңа үкімет Жоғары Кеңеске қатаң қарсы тұрды. Елге қажетті заңдарды қабылдау процесі баяулады, бұл нарықтық реформалардың қарқынын бәсеңдетті. ҚР Президенті Н.Назарбаев Конституцияға баға бере отырып былай деген: *«1993 жылғы үлгідегі Конституция мемлекеттік құрылысты жетілдіру, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды одан әрі дамыту жолындағы құқықтық тосқауыл болды»*. Осы жағдайда жергілікті Кеңестердің және Жоғары Кеңестің өзін-өзі тарату процесі басталды. Президент мемлекет басшысы ретінде заңнамалық тұрғыда жеке өзі шешімдер қабылдау құқығын алды.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда жаңа Конституция қабылданды. Қазақстан Президент басқаратын біртұтас мемлекет ретінде бекітілді. Парламент екі палатадан құрылды: Мәжіліс және Сенат. Жаңа Конституцияның еліміздің тәуелсіздігін нығайтуда және әлеуметтік-саяси реформаларды жүргізу үшін тарихи маңызы зор болды.

Қазақстан нарықтық экономика жолымен дамуға бет алған тәуелсіз ел ретінде белгіленді. Экономиканы мемлекеттік иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасы қабылданды. Шетелдік инвестицияларды тарту, кіші және орта бизнес дамыту тетіктерінің құқықтық негіздері бекітілді. Банк және қаржы жүйесі реформалары жүзеге асырылды. Аграрлық салада колхоздар мен совхоздарды фермерлік ұжымшарларға айналдыруда мүйлікке мемлекеттік монополиясы жойылды.

### **3.Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын қалыптастыру .**

Қазақстанның тәуелсіздік жылдар ішінде сыртқы саясатын белсенді жүргізетін нығайған, сенімді мемлекетке айналғандығын көрсетіп отыр. Бұл мемлекет басшылығының сыртқы саясатты дұрыс және тиімді жүргізуіне байланысты мүмкін болып отырғанын атап кету керек. Экономикалық жетістіктеріміз де осыны аңғартады. Тәуелсіздік жылдарында республикаға \$50 млрд. көлемінде тікелей шетелдік инвестиция құйылған. Мемлекеттің алтын валюта қоры тұрақты көбеюде. 1995 жылдан 2005 жылға дейін алтын валюта қорының көлемі 9 есеге көбейіп, ҚР Статистика жөніндегі Агенттіктің мәліметі бойынша \$15 085 млн. құраған. 2002 жылдың наурызында АҚШ Қазақстанға «нарықты экономикалы мемлекет» деген дәрежені берді. Бұл республика жүргізген нарықтық реформалар жемісінің белгісі. Бүкіләлемдік экономикалық форум жария еткен 2006-2007 жж. әлемдік бәсекелестік индексіне сәйкес Қазақстан Ресей, Түркия мемлекеттерін озып 56 орынды иемденді. Бұл тізім бойынша ҚР Орталық-Азия мемлекеттері арасында көшбасшы. Кеңейген экономикалық мүмкіндіктер республика алдында жаңа сыртқысаяси мақсаттар қойып отыр. Сарапшылар көз-қарасы бойынша Қазақстанның қарқынды дамып жатқан экономикасы «тұрақтылық экспортері» ретінде бүкіл аймақ экономикасының дамуының катализаторы болуы мүмкін. Бұл ретте қазақстандықтардың зияткерлік мүмкіндігі мен мемлекеттің табиғи байлықтары негіз бола алады. Мұнай мен газдың үлкен қорлары бар республика болашақта қалыптасып келе жатқан галамдық энергетикалық қауіпсіздік жүйесінде маңызды рөл атқаратын әлемдік нарыққа көмірсутегін жеткізетін жетекші мемлекетке айналуы әбден мүмкін.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз, өзінің егемендігі бар, дербес және демократиялық мемлекет болып табылады. Қазақстан ішкі саясатын да біршама өзгерістер енгізе отырып, белсенді түрде жемісті жүргізіп келеді. Ішкі саясаттың жүру қарқынын мыналардан көруге болады:

Қазақстан тәуелсіздік алғандықтан, өзінің Конституциясын жариялады. Алғаш рет 1993 жылы Конституция қабылдап, кейін 1995 жылы бүгінгі күнге дейін жетіп отырған екінші жаңа Конституциясын қабылдады. Конституцияның маңызды ережелерін атап кетер болсақ, олар:

Халықтың билік етуі жарияланып, халыққа мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын анықтау құқығы берілді.

Қазақстан Республикасында өз аумағының, оның тұтастығының, өзінің дербес жоғары және жергілікті мемлекеттік билік органдарының, өз заңдарының, басқа елдермен терезесі тең болуы Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының саясаты тікелей адам мен азамат құқықтарының артықшылығын, басымдылығын әр кез қолдап отырады.

Қазақстан Республикасы 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің ортақ Отанына айналып отыр. Елбасымыздың сындарлы саясатының арқасында ол ұлттардың өкілдері елімізде тату-тәтті тыныш өмір кешуде. Сол себепті Конституцияда адамдардың ұлтына, нәсіліне, жынысы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамай құқықтары мен бостандықтарының тең екендігі атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған саясат демократиялық сипатта болғандықтан, елімізде көппартиялық жүйе қалыптасқан болатын. Себебі елдегі билік етуші үкіметтің саясатын бақылап отыру үшін халық бірнеше оппозициялық саяси партияларды құруы тиіс.

Қазақстанның алға дамуын әрі қарай ілгерілету мақсатында 1997 жылдың қазан айында «Қазақстан-2030» стратегиясын жариялады. Бұл бағдарламада еліміздің саяси, әлеуметтік дамуының жақын арадағы және стратегиялық ұзақ мерзімдегі даму жолдары көрсетілген. Осы стратегияның маңызды басымдықтарына шолу жасап кетер болсақ:

Теңдікке негізделген бірыңғай азаматтықты, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен коммуникациялық байланыстардың барлық нысандарын дамыта отырып, әртүрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынасты нығайта отырып, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуын жүзеге асыру қажет.

Макроэкономиканы тұрақтандыра отырып, сауда мен өндіріске мемлекеттің жиі араласуын тежеу арқылы және тұрақты өрлеуді қамтамасыз ету мақсатында өндірісті диверсификациялау көмегімен Қазақстанның салауатты экономикалық өрлеу стратегиясын жүзеге асыру қажет.

Сонымен қатар әлеуметтік стратегияны, ресурстарды дұрыс пайдалану стратегиясын, көлік пен байланысты дамыту стратегиясын, басқару саласындағы стратегияны және де қоғамның даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында алға біршама тапсырма қойылып отыр.

Еліміздің экономикасын өрге өрлету үшін экономиканы әртараптандыру, сауатты сауда саясатын жүргізу, экономикаға инвестициялар тарту, кәсіпкерлікті дамыту, отандық тауарларды әлемдік нарыққа шығару – аталмыш жоспарда ел экономикасын дамытуға бағытталған алға қойылған мәселелер болып табылады.

**ҚР сыртқы саясаты:** Егемендік алған соң Қазақстан республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы наурыздың 3 күні Қазақстан Біріккен ұлттар ұйымына мүше болды, сондай-ақ республика халықаралық валюта фонды, халықаралық қайта құру және даму банкі, халықаралық банк, дүниежүзілік денсаулық ұйымы және тағы басқа көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болды. Тәуелсіз Қазақстанды бүгінгі таңда 113 мемлекет мойындады, олардың 105 мен елшіліктер, өкілеттіктер дәрежесінде дипломатиялық қатнас орнатты. Қазақстан шет елдің 55, шет елде Қазақстанның 30 елшілігі бар.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты халықтар арасында бейбіт және өзара тиімді қарым қатынас орнатуға бағыттталып отыр. Қазақстан өз территориясындағы ядролық қаруды жойып, ядролық қарусыз мемлекет статусын алды. Осының нәтижесінде Америка, Ресей, Қытай және тағы басқа ірі державалар Қазақстанның тәуелсіздігіне кепілдік беріп отыр.

Қазақстан Республикасы Азияда бейбітшілікті сақтау, осы құрлық елдерінің арасына сенімділік қатнас орнату, Орта Азия республикаларымен, ТМД елдерімен саяси, экономика саласындағы қатнасты нығайтуға ерекше көңіл бөліп отыр.

Қазақстан сыртқы экономикалық байланысқа айырықша көңіл бөлуде. Бұл саладағы неізгі мақсат ел экономикасын дамытуға шет ел инвестициясын тарту болып отыр. Бұған

мысал ретінде бірлескен «Тенгизшевройл» өндірісін айтуға болады. Бұл келісім 40 жылға жасалған. Кәсіпорынның барлық табысының 80%-і Қазақстанға, 20%-і Шевройлға тиесілі болмақ. Қазақстандағы саяси тұрақтылық шет ел инвестициясына сенім туғызып отыр. Экономикаға енгізілген инвестицияның көлемі жөнінен Қазақстан ТМД елдерінің алдыңғы қатарында отырғаны бұған дәлел.

Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халықтарының ассамблеясы, барлық облыстарда құрылған Қазақстанды мекендеген ұлтаралық мәдени орталықтары, аталған ұйымдардың ұлтаралық тұтастықты қамтамасыз ету үшін жүзеге асырып отырған шаралары Қазақстанда ұлт-аралық ынтымақтастықтың негізгі факторы болып отыр. Қазақстанда ұлттардың оқшаулануы, этникалық негіздегі қақтығыс сияқты көріністер жоқ. Осы айтылғандар елдің ішкі саяси тұрақтылығын нығайтып, бұл тұрақтылық өз кезегінде ел экономикасын шет ел инвестициясын көптеп тартуға мүмкіндік беріп отыр. Экономика саласына тартылып отырған шет ел инвестициясының мөлшері жөнінен Қазақстан тәуелсіз елдер достастығында алдыңғы орында отырғанының негізгі себептерінің бірі осы тұрақтылыққа тікелей байланысты. Бұрынғы Кеңес одағының құлауы, Қазақстанның тәуелсіздік алуы қазақ диаспорасы өкілдерінің атамекенге оралу мүмкіндігін туғызды. Қазақстан Республикасы, оның ел басы атамекенге оралмақ ниеті бар қандастарды қабылдауға дайын екенін мәлімдеді. Аталмыш жағдайлар 1991 жылдан қазақ диаспорасының өкілдерінің Қазақстанға қоныс аудару процесі басталуына мүмкіндік берді. Осындай жағдайда қазақ диаспорасы мен Қазақстан республикасының арасындағы қарым қатынасты реттеу, атамекенге оралған қазақ диаспорасының көкейтесті мәселелері төңірегінде маслихат құру мақсатымен дүниежүзі қазақтарының құрылтайы шақырылып, аталмыш мәселелерді талқылады. Құрылтайдан дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды. Қауымдастық президентіне бірауыздан Назарбаев сайланды. Атамекенге оралған қандастардың әлеуметтік мәселелеріне байланысты 1992 жылы күзде Қазақстан Республикасының үкіметі көлемді қаулы қабылдады. Парламент көші-қон заңын бекітті. үкіметтің жанынан көші-қон агенттігі құрылды. Бұл шаралар шетелде өмір сүріп отырған қандастармен байланыс жасау, атамекенге оралғандардың әлеуметтік мәселесін шешуге бағытталаып отыр.

Ел басына түскен қайғы-қасіреттің салдарынан қазақ халқының сан жағынан азаюы, басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға қоныс аударуының салдары Республикаға ат беріп отырған қазақ халқының өз республикасында азшылық болуына әкеп соқты. Қазақстан тәуелсіздік алған оншақты жылдың ішінде жүрілген миграциялық процестің нәтижесінде қазақтар республика халқының тең жартысынан астамын құрап отыр. Қазақстан Конституциясы қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялап оның мәртебесін көтеруге байланысты шаралар жүзеге асырылды.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына айрықша көңіл бөледі. Бұрын КСРО-ның құрамында болғанда Қазақстанның ондай мүмкіндігі, жеке саясат жүргізу құқы болмаған.

Қазақстан өзінің сыртқы саясатында, әсіресе, басты үш мәселеге ерекше назар аударады. Біріншіден, басқа елдермен, соның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және Америка Құрама Штаттарымен халықаралық байланысты өркендету. Екіншіден, шет елдермен тек дипломатикалық байланыс қана орнатып қоймай, сонымен қатар олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты болғызбау, ядролық қаруды қолдануды болдырмау.

Міне осы бағытта 1991жылдан бастап тәуелсіз Қазақстан көптеген игі шараларды іске асыруда. Бұл уақыт ішінде Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 180 нен астам мемлекеті таныды. 2008 жылдың басына дейін Қазақстан 70 тен астам елдермен дипломатиялық қатынастар орнатты. Қазақстанды алғашқылардың бірі болып Түркия, АҚШ, Франция және т.б. мемлекеттер мойындады. Қазірде Қазақстан шет елдерде 60-тан

астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Ал Алматыда және Астанада 80-нен аса шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық ұйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді.

Қазақстан соңғы жылдары өзінің экономикасы мен әлеуметтік жағдайын одан әрі дамыту арқылы әлемнің бәсекеге қабілетті 50 өркенді мемлекетінің қатарына енуді стратегиялық мақсат етіп қойды. 2006 жылы бұл көрсеткіш бойынша есепке ілінген 117 елдің ішінде Қазақстан 61 орынды иеленді және көрсеткішке іліккен ТМД-дағы елдердің алдыңғы қатарына шықты. 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйым) Төраға болып сайланды. Ол еліміздің әлемдегі орнын айшықтай түсті.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударып отыратын мәселе, ол – өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттермен, соның ішінде солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым- қатынас орнату. Осы саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел ретіндегі алдағы болашағы да байланысты. Қазақстан үш ғасырға жуық уақыт Ресеймен тарихи сабақтас, тағдырлас, көршілес қонып, шекаралас болып қатар өмір сүрді. Ресеймен, орыстармен қарым қатынастың қандай болуы, оны қалай құру жөнінде қазақтың ғұламалары, дана билері өз заманында –ақ айқын да анық айтып кеткен. Ал егемендік алғанға дейін жетпіс төрт жыл бойы Қазақстан мен Ресей Кеңестер Одағы құрамында өз тәуелсіздігін қойып, өз мүдделерін ұмытып, ортақ шаруа атқарып, ортақ қазанға қызмет етті. Барлық шаруашылық, бір тіршілік осыған бейімделіп, Кеңес өкіметінің талабын орындады. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін екі елдің арасында тең құқықтық негізінде саяси және экономикалық қатынастар орнады.

1996 жылы 27 ші сәуірде Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельцин мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Алматыда кездесіп, Қазақстан мен Ресей бірлескен Декларациясына қол қоюының маңыны өте зор болды. Онда Қазақстан мен Ресейде жүргізіліп жатқан демократиялық қайта құрулар мен саяси –экономикалық реформалардың екі ел халықтарының болашағы үшін үлкен мәні бар екендігі атап көрсетілді. Мемлекеттің басшылары бұдан былай да екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу, аумақтық тұтастық пен бір бірінің ішкі істеріне араласпай принциптерін сақтау негізінде дами беретінін қуаттады.

Ресей Федерациясымен мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың одан әрі тереңдеп дамуында 1998 жылы 6 шілдеде Мәскеуде қол қойылған ХХІ ғасырға бағдарлаған мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы Декларацияның тарихи маңызы ерекше. Оның негізінде Қазақстан мен Ресей Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесін шешуді тоқтап қалған жерінен алға жылжытты. Екі мемлекет арасындағы қаржылық өзара келіспеушіліктерді реттеу және Байқоңыр космодромын бірлесіп пайдалану мәселелері шешілді.

2000 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Елбасы Н.Назарбаев пен Ресей Президенті В.Путинмен кездесуі болды. Онда екі жақты қарым қатынасты одан әрі жетілдіре түсуге жете мән берілді. Ал 2002 жылы желтоқсан айында Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапар барысында Қазақстан мен Ресей арасында қалыптасқан достық байланыстарды барынша тереңдетуге күш салынатыны баса айтылды. Олардың ішінде Байқоңыр ғарыш кешенін одан әрі бірлесіп пайдалану мәселесі тағыда сөз болды. Сондай-ақ, аймақтық және халықаралық көкейкесті проблемалар төңірегінде жан-жақты пікір алмасылды. Екі жақты деңгейдегі, ТМД ЕурАзЭҚ, Ұжымдық қауіпсіздік, ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастық қарым қатынастар аймақтағы елдер қауіпсіздігінің, интеграциялауының басты кепілі болып табылатыны атап көрсетілді.

Қазақстан мен Ресей арасындағы саяси байланыстар 2003-2004 жылдары одан әрі дами түсті. Оған 2003жылы Ресейде Қазақстан жылының жариялануы үлкен әсерін 2003 жылы Ресей орталығы мен облыстарында 150-ден астам түрлі деңгейдегі іскерлік кездесулер, мәдени шаралар мен отандық өнімдер көрмелері өткізіліп, екі жақты тиімді келісім

шарттарға қол қойылды. Қазіргі кездерде екі жақты тиімді қарым-қатынастардың шартты құқықтық негізі 350 ден астам келісімдер мен шарттардан тұрады. Солардың ішінде екі ел, әсіресе Евразия кеңістігіндегі тұрақтылықты нығайтуға, ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікті күшейтуге ерекше назар аударады.

Қазақстан мен Ресей Еуразия аймағының, Каспий теңізінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне де аса зор мән береді. Екі мемлекетте Каспийді бейбітшілік, достық және ынтымақтастық аймағы деп таниды және бұл аймақта соғыс жанжалына, ланкестік көріністеріне, ұйымдасқан қылмысқа орын жоқ деп санайды.

Ресей мен Қазақстан арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жөніндегі бес жылдан астам уақытқа созылған келіссөздер 7591 шақырымды қамтитын мемлекеттік шекараларын айқындайтын тарихи құжатқа 2005 жылы қаңтарда екі жақты қол қоюмен аяқталды.

2006 жылы екі елдің Президенттері 13 мәрте кездесті. Соның нәтижесінде 20-дан астам мемлекетаралық, үкіметаралық және салааралық қазақстандық ресейлік маңызды келісімдер бекітілді. Ал 2007 жылдың мамыр айында Астанада жүргізілген келіссөздер қорытындысында үш құжатқа қол қойылды. Оның біріншісі – Қазақстан мен Ресейдің 2007-2008 жылдарға арналған стратегиялық бірлескен іс-қимыл жоспары. Оған - ғарышты игеру, жаңа үлгідегі әскери-техникалық ынтымақтастық, отын-энергетика кешені, мен атом энергиясын бейбіт мақсатқа пайдалану және т.б. мәселелер жатады. Бұл құжатқа Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Президенті В.В.Путин қол қойды. Екіншісі – ҚР үкіметі мен РФ Үкімет арасында сауда өкілдіктерінің бөлімшелерін ашу туралы келісім. Үшіншісі – ҚР Үкіметі мен РФ Үкіметі арасында 2008 жылдан бастап уран байыту халықаралық орталық құру туралы келісім. Ал 2007 жылғы желтоқсанда Мәскеуде өткен кездесуде Каспий бойында газ құбырын салу туралы уағдаласты. Қорыта айтқанда, Қазақстан мен Ресейдің достық қарым-қатынасы, әсіресе, соңғы жылдары бұрын-соңды болмаған дәрежеге көтерілді.

Қазақстан үшін Оңтүстік Шығыстағы үлкен көрші – Қытайсыз әлдебір үлкен саясат жүргізу қиын екенін ерекше атап айту керек. Сондықтан тәуелсіздік тізгіні қолға тигеннен бері Республиканың сыртқы саясатында темірқазыққа айналған бағдарлама – Қытай Халық Республикасымен қарым-қатынасты айқындау. Міне, осы бағытта Қазақстан бірқатар шараларды іске асырып, Қытаймен достық байланысты орнатуда едәуір табыстарға қол жетті. Алғашқы кездегі басты міндет жан жақты экономикалық байланыстарды дамытып, шекарадағы шиеленістерді тоқтату еді. Оның үстіне, Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Қытай арқылы дүние жүзіне шығудың және бір жаңа жолын ашу. Өйткені Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғанға дейін, шет елдермен экономикалық және саяси байланыстарды тек Орталық, яғни Ресей, арқылы жасап келген болатын. Енді Қытаймен қарым-қатынасты қалыпты жағдайға келтірумен байланысты елімізге сыртқы рынокқа шығудың баламалы қосымша жолдарына түсу мүмкіндігі туды.

Атап айтқанда, 1990 ж. Қазақстан мен Қытай темір жол арқылы өзара байланысы іске асты, сөйтіп біздің республика Тынық мұхит жағалауына ең қысқа жолмен шығу мүмкіндігіне ие болды. Қазақстан-Қытай қарым-қатынасының дамуы өте жоғары қарқын ала бастады. Қазақстан Республикасы Президентінің Қытай Халық Республикасына 1992 ж. тамызда барған алғаш сапарынан бастап, барлық байланыс жолдарын ашудың сәті түсті. Сөйтіп, екі елдің арасында сауда- саттық соңғы жылдары ондаған есе өсті. Темір жолдың жүк тасу қабілеті артты. 1997 ж. қыркүйектің 25 күні Алматыда өткен Қазақстан және Қытай делегациялары арасындағы келіссөз барысында Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырына шығыстағы көршіміз тарапынан 9,5 миллиард доллар жұмсау жөнінде шартқа қол қойылды. Мұның өзі саяси-экономикалық байланысты нығайтуға, шекара маңында тыныштық пен бейбіт өмірді сақтауға кепілдік береді. Сондай-ақ, бұл Азия-Тынық мұхит аймағындағы тұрақтылықты, қауіпсіздікті және дамуды қамтамасыз ету ісіне екі елдің бірлесе қосқан маңызды үлесі болып табылады.

1998-1999 жылдары белсенді дипломатиялық әрекеттер арқылы Қытай мен Қазақстан арасында тағыда жаңа маңызды уағдаластықтарға қол жеткізілді. Ең алдымен шекараны нақтылау негізінен аяқталды. Қытаймен арадағы шекараны айқындап белгілеу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қосымша кепілдіктер берілгенін білдіреді. Бұл осы қуатты мемлекетпен достық және өзара тиімді ынтымақтастық саясатын жалғастырудың негізі болып саналады.

2003 жылдың маусымында Қытай Халық Республикасы басшылығының Қазақстанға сапары барысында мемлекет басшылары Қазақстан мен Қытай арасындағы Бірлескен Декларацияға қол қойды. Соның нәтижесінде екі елдің өзара қарым-қатынасын ары қарай дамыту жолдары айқындалды. Қазақстан-Қытай Ынтымақтастығы туралы бағдарлама қабылданды. Бұл құжатта екіжақты ынтымақтастықты жандандыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру көзделді. Осының нәтижесінде Қытайдағы Гонконг және Шанхай қалаларында Қазақстан Республикасының Бас консулдығы ашылды. Ал Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданының орталығы Үрімші қаласында 1995 жылдан бастап паспорт визалық орны қызмет етеді.

2004 жылдың мамыр айында Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнайгаз ынтымақтастығы, оның ішінде Атасу-Алашанькоу мұнай құбырының құрылысы туралы келісімге қол қойылды. Ол 2004 жылдың тамызында басталды, 2005 жылдың желтоқсан айында аяқталды. Салынған құбырдың ұзындығы – 990 шақырым. Оған 1 миллиард доллардан астам қаржы жұмсалды. Жасалған келісімдер бойынша Қазақстан-Қытай арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық бірлескен комиссия құрылып, ойдағыдай жұмыс істеуде. Нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда айналымы 2002 жылы 1 миллиард 336 миллион АҚШ долларын құраған болса, 2003 жылы бұл көрсеткіш 2 миллиард 152 миллион долларға өсті. Ал 2007 жылы екі елдің тауар айналымы 14 млрд. доллардан асты.

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынасының маңызы өте зор. Бұл қарым-қатынас АҚШ Қазақстан Республикасын мемлекет ретінде таныған 1991 ж. 25 желтоқсанынан мемлекеттер арасында елші дәрежесіндегі толыққанды дипломатиялық қатынастар орнады. Осылайша, ұлы мемлекеттердің ішінде Қазақстанды алғашқылардың бірі болып таныған АҚШ оның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына өзінің мүдделі екенін көрсетті. Екі мемлекет арасында қарым-қатынастық байланыстар орнатылған алғашқы күндерден бастап, ол жоғары деңгейлерде үнемі қолдау тауып келеді. 1991 жылдың желтоқсанында Мемлекеттік хатшы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Н.Ә. Назарбаев және басқа да ресми адамдармен келіссөздер жүргізді. 1992 жылы Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және қарым-қатынастар жөніндегі АҚШ Конгресі комиссиясының делегациясы келді. Сол жылғы мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына алғашқы сапармен барды. Осы сапардың барысында: «Сауда қатнастары жөніндегі келісім», «Қаржы салымдарын өзара қорғау жөніндегі шарт», «Қазақстан Республикасы және АҚШ үкіметтері арасындағы өзара түсіністік жөніндегі меморандум», «Қос қабат салық салуды болдырмау жөніндегі конвенция келісімі туралы» бірлескен мәлімдемелерге қол қойылды. Сөйтіп, екі жақты қарым қатынастардың шарттық-құқылық негіздері қаланды.

Осыдан кейінгі жылдары Қазақстан мен Америка қарым қатынастары серпінді түрде дамып келеді. Соның нәтижесінде Қазақстан АҚШ тың өзара демократиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Қазіргі кезде АҚШ Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы болып отыр. Оның толық дәлелі ретінде 1997 жылы қол қойылған экономикалық әріптестік бағдарламасын, сондай-ақ, Қарашығанақ кеніші жөніндегі және Каспий қайранын бөлісу жөніндегі келісімдерді айтуға болады. Вашингтон Қазақстанға Орталық Азиядғы тұрақтылық пен қауіпсіздік тұғыры, өзінің осы аймақтағы басты серіктесі ретінде қарайды.

Қазақстан үшін Түркия, Пәкістан, Үндістан, Иран мемлекеттерімен, сондай-ақ Азияның Жапония, Оңтүстік Корея сияқты және басқа елдерімен ынтымақтастықтың дамуының да

мәні өте зор. Қазақстанға ортақ шекарасымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикасының өзара бірін бірі толықтырумен және өзара тәуелділігімен қоян қолтық араласа отырған, тарихи және мәдени-этникалық игіліктері ортақ Орта Азиядағы –Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас жасау өте маңызды. Осы бағытта 1994 жылы Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, кейіннен 1998 жылы төртінші мемлекет Тәжікстан қосылды.

Осы елдер арасындағы жасалған Шартқа сәйкес Мемлекетаралық кеңес пен оның негізгі институттары – Премьер-министрлер кеңесі және олардың тұрақты органы – Аткару комитеті құрылды. 1994 жылғы шілдеде қаржы қоры оған қатысушы елдердің жарналарынан құралған Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкінің құру туралы келісімге қол қойылды.

Ортақ экономикалық кеңістік туралы шартқа қол қойылғаннан кейінгі жылдар ішінде көпжақты ынтымақтастықтың маңызды бағыттары, көкейкесті халықаралық күрделі мәселелері және республикалардың экономикалық интеграциясы бойынша 200-ден астам құжаттарға қол қойылды. Солардың ішінде ең маңыздысы – Орталық Азия экономикалық қауымдастығының 2005 жылға дейінгі интеграциялық даму стратегиясының қабылдануы еді.

ОАЭҚ мемлекет басшыларының 2000 жылғы сәуір және маусым айларындағы Ташкент және Душанбе кездесулері олардың интеграцияға ұмтылысын тағы да растап берді. 2001 жылғы қаңтар айында Орталық Азия экономикалық қауымдастығына мүше елдер басшыларының Алматыда өткен кездесуінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан республикалары бірігіп, Орталық Азияны еркін сауда аймағына айналдыруды көздейтіні туралы әңгіме болды. Оған қоса кедендік, төлемдік және валюталық одақ құру мәселесі де қаралды. Сөйтіп, түпкі мақсат тауар, қызмет көрсету, капитал рыногының ортақтығына қол жеткізу болып отырғаны атап көрсетілді. Ал 2002 жылдың ақпан айынан бастап Орталық Азия экономикалық қауымдастығы жаңа келісілген құжат негізінде «Орталық Азия ынтымақтастығы» болып қайта құрылды. Оған қатысушы мемлекет басшыларының кезекті төртінші саммиті 2002 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының орталығы –Астанада болып өтті. Саммиттің күн тәртібінде қаралған мәселелер: 2002 жылдың 5-6 қазанында Душанбеде өткен кездесуде қол жеткізілген уағдаластықтарды іс жүзіне асыру; аймақтағы қауіпсіздік проблемалары мен экономикалық ынтымақтастық және халықаралық саясаттың көкейкесті мәселелерінде «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына мүше елдердің өзара ықпалдастығы және т.б.

2003 жылғы шілде айында Алматыда «Орталық Азия Ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының тағы да бір жоғары дәрежелі кездесуі болып өтті. Кездесуде бірнеше құжатқа қол қойылды. Оның ең маңыздысы өзара қарым- қатынаста туыс елдердің мүдделеріне сәйкес келетін саясат жүргізуді жалғастыру және осыған жауап беретін қағидаларды жақындастыратын бірлескен мәлімдеме еді. Онда ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары ланкестікпен, экстремизммен және есірткіні заңсыз айналымымен күресуге ерекше назар аударылды. Бұдан басқа саммит мәжілісінде Орталық Азия аймағында су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, төрт мемлекеттің де мүддесі көзделген коммуникациялық жобаларды жүзеге асыру және аймақтағы мемлекеттерді азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде жан-жақты сөз болды. Ал 2004 жылы 18 қазанда Тәжікстан астанасы - Душанбеде Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымына (ОАБІҰ) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысы өтті. Онда *төрт мәселе* қаралды. *Біріншісі* – Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымының құрамына Ресей Федерациясын қабылдау; *екіншісі* – 2004 жылдың мамырында Астанада өткен Орталық Азия Ынтымақтастығына мүше мемлекеттер басшыларының қол жеткізген келісімдерін жүзеге асыру барысы; *үшіншісі* – Орталық Азия Ынтымақтастығының мүше мемлекеттердің Ауғанстанмен аймақтық қауіпсіздік

және ынтымақтастықтың негізгі бағыттары; *төртіншісі* – Орталық Азия Ынтымақтастығына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті төрағасы туралы.

Саммит отырысындағы басты жаңалық Ресей Федерациясының Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымына толық құқылы мүше болып қабылдануы еді. Бұл ұйымның халықаралық аясында беделін көтере түсуде үлкен маңызы бар жағдай болып табылады. Кездесуде Ұйымға мүше мемлекеттер су-энергетикалық, көлік-коммуникациялық және азық-түліктік концорсиумның тұжырымдамасын дайындауға қол жеткізгені атап көрсетілді. Бұл тұжырымдаманы Дүние жүзілік банк, Ислам Даму Банкі қолдайтындығы айтылды. Отырыс барысында белгілі болғандай, ынтымақтастыққа мүше елдердің басшылары Ауғаныстанды қалпына келтіруге қолдау көрсетіп, бұл елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалын сауықтыруға арналған бағдарламаларды жүзеге асыруына көмектесетіндерін де ашық мәлімдеді.

2005 жылғы 27 қыркүйекте Душанбеде Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымына мүше Мемлекеттер премьер-министрлер кеңесінің алғашқы отырысы болып өтті. Онда тараптар Ұйымға мүше мемлекеттер басшыларының 2004 жылдың қазанында осында, яғни Душанбеде, өткен саммиттің қорытындылары бойынша президенттер берген тапсырмалардың орындалу барысы талқыланды. Сонымен бірге, бұл кездесуде ОАІ-ға мүше Мемлекеттер басшылары кеңесінің кезекті отырысын өткізу туралы мәселе де күн тәртібінде арнайы қойылды.

Осыдан кейін 2005 жылы қазан айында Петербург қаласында «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының саммиті болып, онда маңызды ұйымдастыру мәселесі қаралды. Атап айтқанда, «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы мен Еуроазиялық экономикалық қоғамдастықты біріктіріп, біртұтас интеграциялық бірлестікке айналдыру туралы шешім қабылданды. Өйткені бұл екі халықаралық ұйым қатар өмір сүрген кезде, олардың бір-бірін қайталағанын, ал олар өзара біріккен кезде жұмсалатын шығындардың белгілі мөлшерде қысқаратынын және ең бастысы, бұл бірігудің «ОАҰ» ұйымының да ЕурАзЭҚ-тың мүдделеріне толық сәйкес келетіні белгілі болды. Сондықтан үш жарым жылдан астам уақыт өмір сүрген «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы өз жұмысын тоқтатты. Бұдан былай оның шеңберінде қарастырылып және шешімін тауып келген мәселелер толықтай ЕурАзЭҚ-тың құзырына көшетін болады.

Еліміз тарихи өлшем бойынша өте қысқа мерзімде, халықаралық қатынастардың жауапты субъектісі ретіндегі беделін бекітті. Бүгінде біз өзекті әлемдік мәселелерді шешу және жаңа әлемдік тәртіпті құру ісіне белсенді қатысып қана қоймай, сол бағыттарда бір-қатар бастамалар көтеріп, оның оң шешілуі жолында нәтижелі шаруалар атқарудамыз. Осындай белсенділік пен нәтижелі іс-әрекеттің арқасында Қазақстан халықаралық аренада тұрақтылықтың, мемлекет дамуының қарқынды және өркендеген моделінің бастаушысы ретінде лайықты бағасын алып отыр.

Қазақстан іргелес бес елмен 14 мың шақырымнан астам әлемдегі ең ұзақ құрлық шекараларын алғаш рет әлемдік тәжірибеге сай халықаралық шарттармен бекітіп, көршілес және әлемнің жетекші елдерімен достық және өзара пайдалы ынтымақтастық қатынастарын құрды. Бүгін еліміз 140-тан астам мемлекетпен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Қазақстанның шетелдерде 70-тен астам дипломатиялық миссиялары, кәсіби дипломаттарының жеткілікті саны бар. Шетелдермен белсенді ынтымақтастықтың нәтижесінде мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомствоаралық деңгейде 3 мыңнан астам әр түрлі салалардағы халықаралық шарттар жасалды. Қазақстанның аймақтағы және әлемдегі саяси, қауіпсіздік, өркениеттік, экономикалық, экологиялық мәселелерге қатысты бастама көтеріп, оны шешу жолында жүргізіп келе жатқан табысты саясаты мен бастамалары әлем елдері тарапынан оң қабылданып, жаһанның жетекші елдерімен стратегиялық әріптестігі жарасып,

1992 жылы ерікті түрде ядролық қарудан бас тартып және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Елбасының халықаралық бастамаларының арқасында



қарусыздану үдерісінің және жаппай қырып-жою қаруын таратпаудың белсенді жақтаушысы бола отырып, Қазақстан әлемнің жетекші ядролық державаларынан халықаралық қауіпсіздік кепілдіктерін алды.

Қазақстанның әлемдегі қуаты жағынан 4-ші ядролық арсеналынан өз еркімен бас тартқанына екпін түсіре келіп, өзге елдерді осы үдерістен үлгі-өнеге алуға шақырды. Осындай жағдайда, яғни бүгінгідей дағдарысты кезеңде ядролық қарудың лаңкестердің қолына түспеуінің маңызы зор. Қазақстан ядролық терроризм актілерімен күрес жөніндегі жаһандық бастамаға белсенді қатысушы болып табылады. Бұған елімізде соңғы жылдары өтіп келе жатқан «Атом-антитеррор» жаттығулары мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі халықаралық конференция ұйымдастырылғаны дәлел бола алады.

2010 жылғы сәуірде Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит барысында АҚШ президенті Б.Обама Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевты «халықаралық ядролық қаруды таратпау үдерісінің көшбасшысы» деп атады. Атомды бейбіт мақсатта пайдалануға қатысты, Қазақстан әлемдік қауымдастық алдында бірқатар маңызды бастамалар көтеріп, олардың орындалуы жолында нақты іс-әрекеттер жасауда.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық табыстары сыртқы экономикалық байланыстардың негіздерін – экономикалық дипломатияны бекітті, елдің индустриялық-инновациялық бағдарламасын іске асыру мақсатында тікелей шетел инвестицияларын және жаңа технологияларын тартылып, жағымды сыртқы байланыстардың ауқымы артуда.

Алғашқы күннен басымдық беріліп, дұрыс таңдалған көпқырлы сыртқы саясатының арқасында тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан экономикасына 130-дан астам млрд. доллар тартылды, жан басына шаққандағы табыс 10 мың доллардан асты.

Қазақстан – Орталық Азияға келген барлық сыртқы инвестициялардың 80 %-дан астамының қабылдаушысы. Әрбір іске асырылған инвестициялық жоба – ұлтымыздың және Қазақстанның әрбір жеке азаматының әл-ауқатының кепілі. Инвестициялар мен инновациялар жаңа мыңжылдықтағы жаңа Қазақстанның қозғалтқыш күштері болып табылады. Халқымыздың әл-ауқатының өсімі үшін, ел экономикасына инвестицияларды, инновацияларды және жаңа технологияларды тарту ісі бойынша отандық дипломатия айтулы нәтижелерге қол жеткізіп, табысты жұмысты жалғастыруда. *Географиялық және геосаяси тұрғыда* еуразия кеңістігінің қақ ортасында, әлемнің жетекші державаларымен көршілес орналасу, мемлекеттің сыртқы саясатына әсер етпей қоймауы мүмкін емес. Сол себепті тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап, Қазақстан Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен екіжақты қарым-қатынастарға стратегиялық басымдық беріп, үнемі дамыту үстінде. Ресей Федерациясымен одақтастық қатынастарды дамыту – Қазақстан Президентінің сыртқы саяси бағытының сөзсіз жетістігі. Бүгін РФ-мен өзара ынтымақтастықтың басты жетістіктері өңірлік интеграцияда, сондай-ақ сауда-экономикалық әріптестікті кеңейту кеңістігінде жатыр. ҚР және РФ тандемі зор Еуразия кеңістігіндегі тұрақтылық пен дамудың берік факторына айналып, Еуразиялық Одақ шеңберінде қарқынды дамуда. Екі мемлекеттің саяси-экономикалық және мәдени салаларда терең ынтымақтастық жағдайында байланыстар орнатып, түрлі қарама-қайшылықтарға ортақ көзқарас қалыптастырулары, ТМД елдері арасындағы көптеген күрмеуі қиын мәселелерді нәтижелі шешуге мүмкіндіктер беруде.

Шығыстағы ұлы көршіміз – Қытай Халық Республикасымен барлық бағытты қамтитын стратегиялық ынтымақтастық қатынастарды нығайту Қазақстан сыртқы саясаты сындарлылығының айғағы. Жаһандық ықпалы арта түсіп отырған осы елмен екіжақты сауда-экономикалық байланысты тереңдету арқылы еліміз әріптестік әлеуетін өз мүддесіне пайдалануда.

Қазақстан ЕО-ның берік және жауапты энергетикалық әріптесі болып қалуда. Қазақстан Еуропаға қуат көздерін жеткізуде ОПЕК-ке кірмейтін елдер ішінде Ресей мен Норвегиядан кейін үшінші орын алады. Еуропалық әріптестерге көпжақты немесе екіжақты пішінде «Қазақстан – ЕО: 2020» Энергетикалық хартиясын дайындау және қабылдау жөнінде ұсыныс жасалды. Біздің Еуропа елдерімен көпқырлы ынтымақтастығымыз ҚР мен ЕО арасындағы жаңа арқаулық келісімде көрініс табуы қажет.

Еуропалық бағытта қол жеткізілген табыстар Қазақстан сыртқы саясатының азиялық векторын күшейту туралы шешім алуына мүмкіндік берді. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан Орталық Азиядағы өз ұстанымдарын нығайтты. Отанымыз өңірлік экономиканы белсенді инвестициялау мен қазіргі кездегі сынақтар мен қатерлерге бірге қарсы тұруда Орталық Азия елдерінің күш-жігерін біріктіру бойынша саясат жүргізуде. Қауіпсіздік, су-энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану, еңбек миграциясы проблемалары мен өңір өмірінің басқа да өзекті мәселелері назарымыздан тыс қалмақ емес. Қазақстан аумағынан халықаралық терроризм, есірткі трафигі, діни экстремизм қатерлері шығатын Ауғанстанның тұрақты және орнықты дамуына мүдделі. Елімізде ауған жастарын оқыту үшін 50 млн. доллар бөлу жөніндегі бастаманы қоса алғанда, Қазақстанның ИРА-ға гуманитарлық көмек көрсету туралы шешімі де әлемдік қоғамдастық тарапынан қанағатпен атап өтілді. ЕҚЫҰ-ға төрағалығы барысында ұйымға мүше елдердің назарын Ауғанстан мәселесіне бұрып, оның тек аймақ мемлекеттеріне қатысты емес екендігін түсіндіріп, ортақ проблеманы бірге шешуге қатысты нақты ұсыныстар жасады.

Сыртқы саясат және дипломатия әрқашан да елдің әлеуеті мен қуатының көрсеткіші ретінде қала береді. Біз қарқынды дамып келе жатқан көпұлтты еліміздің мүдделеріне халықаралық аренада табысты өкілдік етудеміз.

Еліміздің жаһандық және өңірлік деңгейлердегі көпжақты құрылымдар жұмысына белсенді қатысуы халықаралық беделіміздің күшеюіне мүмкіндік беруде. Бұл ретте Қазақстан қызметі БҰҰ жарғысының мақсаттары мен қағидаларына сәйкес келетін халықаралық ұйымдарда ғана көрініп отыр. БҰҰ мүшесі ретінде, өткен жылдар ішінде Қазақстан осы беделді көпжақты ұйымда көрнекті орынға ие бола алды. Қазақстандық бастамалардың бірқатарын әлемдік қоғамдастық қолдады, бұл еліміздің жағымды халықаралық беделінің қалыптасуына жәрдемдесті. Кейбіреулері ілгерілету кезеңінде тұр. Сөйтіп, Қазақстан БҰҰ Бітімгерлік күш-жігер қорын құруды, Жаһандық энергетикалық-экологиялық стратегияны қабылдауды ұсынды, «Жасыл көпір» кең ауқымды экологиялық бастаманы және бірқатар басқа идеяларды алға шығарды. Еліміздің жаһандық мәселелерді шешудегі нақты қадамдары мен сыртқы саясатының жетістіктерінің нәтижесінде 2017-2018 жылдары БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайланды. Бұл Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы саяси салмағының өсуі мен ширек ғасырдағы дипломатиясының жеңісі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары аймақтағы қауіпсіздік проблемаларын шешу БҰҰ Бас Ассамблеясында Азиядағы өзара келісім шаралары жөніндегі кеңес құру туралы бастама көтеріп, аймақтағы жетекші 16 мемлекеттің басшыларын жинап, оның Алматыдағы алғашқы саммитінде, соғыс алдында тұрған Үндістан мен Пәкістан басшыларын дөңгелек үстел басына отырғызып, қақтығыстық жағдайды алдын алуға мүмкіндік берді. Қазақстан сол кезде ұйымның жұмысына қарқын беруінің арқасында бүгінде ауыз толтырып айтарлық табыстарға қол жеткізуде. Бүгінгі таңда әлемдік қоғамдастық еліміздің бұл бастамасын Азиядағы қауіпсіздік проблемалары бойынша үнқатысу мен консультациялар өткізу, пәтуа негізінде шешімдер қабылдау және нақты шараларды іске асыру үшін бірегей мемлекетаралық алаң ретінде қабылдауда.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымындағы төрағалық және 2010 жылы Астанада осы ұйымның Саммитін өткізу қазақстандық дипломатияның ең ірі

жетістіктерінің бірі болды. ЕҚЫҰ-дағы төрағалық Отанымыздың жылынамасына жарқын тармақ болып мәңгілікке енді, ал Астана саммиті ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығындағы ең ірі халықаралық оқиғалардың біріне айналды. ЕҚЫҰ-ның құлдырап бара жатқан қызметін жаңа сатыға көтерді. Қазақстан ЕҚЫҰ-да посткеңестік елдердің ішінен және Орталық Азия республикалары арасынан алғаш төраға болған ел болғандықтан, ұйымның жұмысын жетілдіріп қана қоймай, оның және мүше мемлекеттердің көңілін аймақ мәселелеріне бұрып, өңірде көптен бері қордаланып қалған, күрмеуі қиын, барлығына ортақ сұрақтарды шешуге бұрғаны белгілі.

Қазақстанның 2010-2011 жылдардағы Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы табысты болды. 2011 жылғы 15 маусымда Астанада өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысы елімізді шырқау биікке көтерді. Саммит қорытындылары сыртқы саясаттың жаһандық және өңірлік мәселелерін шешудегі Қазақстанның ролі мен орнын одан әрі жоғарылата түсті. 2011 жылғы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымындағы төрағалығы аса үлкен табыспен өткені баршамызға белгілі. Қазақстан ұйымның жұмысына жаңа серпін беріп, ЕҚЫҰ-дағы табысты төрағалығының жеңістерін пайдалана отырып, ислам әлемі елдеріндегі қордаланған мәселелерді орнынан қозғауға барынша атсалысқаны белгілі. ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің Астанадағы кездесуі мұсылман қоғамдастығы үшін сол кезеңдегі ең ірі саяси оқиға қатарында есте қалды. Төрағалық барысында ислам әлемі мен Батыс арасындағы үнқатысуды кеңейтуді қоса алғанда, бірқатар нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бергені белгілі.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының құрылтайын шақыру халықаралық қақтығыстарды шешу және қазіргі кездегі қатерлерге қарсы тұру үшін әлемдік діндердің рухани және адамгершілік әлеуетін біріктірудегі Қазақстанның нақты үлесіне айналды. Елімізде осыған дейін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бес құрылтайы болып өтті. Қазіргі уақытта 2018 жылы алтыншы құрылтайды өткізуге дайындық бойынша ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстанның сыртқы саясатында түркі әлемі халықтарының рухани мұрасын біріктіру және қайта құру мәселесіне елеулі мән берілуде. 2009 жылы қазанда Нахчыван қаласында (Әзербайжан) қол қойылған түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (ТМЫК) құру туралы бастама көтерушілердің бірі де Қазақстан болды. Түркі академиясын құру сол мақсатқа қызмет етуде, оның ресми ашылуы 2010 жылы мамырда Астанада өтті. 2011 жылдың қазанында Алматыда ТМЫК-ның алғашқы саммиті ұйымдастырылды. Оның жұмысының қорытындылары бойынша қатысушылар түркітілдес елдер арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған Алматы декларациясын қабылдады.

**4. ҚР мемлекеттік шекарасын делимитация және демаркациялау нәтижелері. және Ұлттық қауіпсіздікті нығайту.** Шекараны делимитациялау процесі аяқталғанға дейін де Қазақстан мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық рәсімдеудің соңғы кезеңі – демаркациялау, яғни жер бетінде арнайы шекара белгілерімен айқындауды тезірек бастауға талаптанды. 2003 жылғы 16 қазанда Үкімет қаулысымен шектес елдермен мемлекеттік шекараны демаркациялау жөніндегі үкіметтік делегация құрылды. Үкімет шешімімен шекара белгілерінің үлгілері бекітілді. Бұдан бөлек, «Қазгеокарт» мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны демаркациялық жұмыстардың орындаушысы болып тағайындалды. Әрбір шектес мемлекетпен демаркациялық жұмыстардың бүкіл процесін реттейтін құқықтық құжаттар әзірленді.

Көпшілік демаркацияны таза техникалық сипаттағы іс деп түсінеді. Шындығында олай емес. Демаркация кезінде алуан түрлі сұрақтар туындайды. Шекара маңындағы халықтың шаруашылық мүдделерін ескеру қажеттілігі үнемі жұмыс тобының алдынан шығып отырды. Тараптардың шекара қызметтерінің жұмысына қолайлы жағдай жасау қажеттілігі де назарға алынды. Сондай-ақ шекара сызығын нақты және анық белгілеу үшін жергілікті жер бедерінің ерекшеліктерін ескеру қажет болды.

Қазақстан-Қытай шекарасындағы демаркациялық жұмыстар басқа шектес елдермен шекараны делимитациялаумен қатар жүргізілді және 2002 жылғы 10 мамырда оны демаркациялау туралы хаттамаға қол қоюмен аяқталды.

Өзбекстан Республикасымен мемлекеттік шекараны демаркациялау бойынша дала жұмыстары 2004 жылы басталды. Қазір бұл шаруа іс жүзінде аяқталды, қорытынды құжаттарды қол қоюға дайындау жүріп жатыр.

Түркіменстанмен және Қырғыз Республикасымен мемлекеттік шекара толығымен шегенделген. Демаркациялау туралы шарттарға тиісінше 2017 жылғы 18 сәуірде және 2017 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылды, құжаттар ратификацияланған және күшіне енді.

Қазақстан-Ресей шекарасына келетін болсақ, бедердің бірегей ұзындығы мен күрделілігіне байланысты оның демаркациясы көп еңбекті қажет етеді. Қазір 6 700 шақырымнан астам, яғни шекараның жалпы ұзындығының 90 пайызы демаркацияланған. Шекараның қалған бөлігі табиғи-географиялық жағдайлары бойынша күрделі учаскелер, онда орман басқан таулы аймақ басым. Осыны ескере отырып, демаркацияның толық аяқталуы біраз уақытты алатынын болжауға болады.

Қазақстан бүгінде посткеңестік кеңістіктегі өзінің мемлекеттік шекарасын бүкіл периметрі бойынша заңды ресімдеуді толық аяқтаған алғашқы және әзірге жалғыз мемлекет екенін атап өткен жөн. Халқымыз өзінің сан ғасырлық тарихында тұңғыш рет барлық халықаралық қоғамдастық мойындаған, тиісті түрде анықталған, сипатталған және қазіргі заманғы құқықтық стандарттар бойынша бекітілген мемлекеттік шекараларға қол жеткізіп отыр. БҰҰ-да тіркелгеннен кейін Қазақстанның шектес мемлекеттермен шекара туралы шарттары осы ұйымның беделімен нығайтылған легитимділік пен мызғымастықтың қосымша кепілдігіне ие болады. Шекара туралы шарттар мәңгілік, қайтымсыз сипатқа ие және біржақты тәртіпте өзгертілмейді немесе күшін жоймайды.

**5. Құқық қорғау жүйесін оңтайландыру азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды нығайту.** Қазақстан Республикасының Конституциясында жария етілген, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдығы, құқықтың үстемдігі, біртұтас мемлекеттік биліктің тармақтарға бөлінуі және олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы келісе қызмет істеуі принциптеріне негізделген демократиялық, құқықтық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет құру бағытының заңнамада дәйекті түрде іске асырылуын қамтамасыз ету керек.

Бұл орайда адам құқықтарының басымдығын қоғам мен мемлекеттің мүдделерімен үйлесімді сәйкестендірген жөн.

Құқықтық жүйені бұл бағытта дамыту, оны халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған принциптері мен нормаларына, халықаралық стандарттарға дәйекті түрде сәйкес келтіру қажеттілігі Мыңжылдық басқосуында (2000 ж.) қабылданған БҰҰ-ның Мыңжылдық декларациясында бекітілген. Декларация мемлекеттердің, әлемдік қоғамдастықтың "демократияны қолдау және құқықтық тәртіпті нығайту" үшін күш-жігер жұмсау қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Бұл тұрғыда Құқықтық саясат тұжырымдамасы тек құқықтық жүйе дамуының бағытын айқындап қоймай, сонымен бірге құқықтық саясаттың әлеуметтік-экономикалық және саяси салалардағы реформалармен үйлесімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Құқықтық даму мақсаттарының бірі саяси жүйені жетілдіру болып табылады. Халықтың саяси белсенділігінің заңдық нысандарының алуан түрлілігі мен мәдениетін шынайы қамтамасыз ету қажет.

Үкімет туралы заңнама оның қызметінің тиімділігін және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында жетілдіруді қажет етеді. Сайлау заңдарын, сайлау процесін ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру, бұқаралық ақпарат құралдарының сайлау іс-шараларын әділ де толық көрсетудегі рөлін нығайту және жауапкершілігін арттыру қажет.

Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында біртұтастық пен басқарушылық талаптарының бұлжымай орындалуы жағдайында мемлекеттік биліктің түрлі деңгейлері арасындағы қызметтер аясын, функциялары мен жауапкершіліктерін нақты ажыратуды қамтамасыз ететін заңдарды одан әрі жетілдіріп, сонымен бірге жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдайлар туғызу мақсатқа сай болмақ. Жергілікті өзін-өзі басқару институттарын кезең-кезеңмен қалыптастыру азаматтық қоғам институттарын нығайтуға ықпал етпек. Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын (омбудсмен) құру қажеттілігі туындап отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары нарығын дамыту, оның экономикалық дербестігін, сондай-ақ оларға қоғамдық және мемлекеттік бақылау жасау тетігін қамтамасыз ету саласындағы заңдарды одан әрі жетілдіру қажет. Азаматтық-құқықтық қатынастарды реттейтін заңдар жетілдіру талап етеді. Нарықтық экономикаға өту, мемлекеттің меншік иесі, монополист, елде шығарылатын өнімнің негізгі өндірушісі және ұсынушысы рөлінен бас тартуы азаматтық құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар саласын сапалық тұрғыдан кеңейтті.

Азаматтық құқық еңбек, отбасылық және өзге де қоғамдық қатынастарға барған сайын дендеп ене түсті. Мұның бәрі мемлекеттің құқықтық жүйесінің мемлекеттік және қоғамдық мүдделерді қорғайтын бұқаралық құқық пен жеке мүдделерге қызмет етіп, оны қорғауды қамтамасыз ететін жеке құқыққа ауқымды бөліну процесі аясында жүріп жатыр.

Осымен байланысты жеке, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді байыпты үйлестірудің шұғыл қажеттілігі сақталып отыр. Бұдан келіп, заң шығарушының азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудегі негізгі міндеті мұндай құқықтық қатынастарға қатысушылардың барлығының мүдделерін қорғайтын нақты құқықтық тетігі бар еркін нарыққа барынша кең өріс ашу болмақ.

## **6. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері.**

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшуді таңдап алған болатын. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда Қазақстан Ресейдің үлгісімен бағаны ырықтандыруға, мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті.

Қазақстанда нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді. Бірінші кезең- 1991-1992 жылдар, екінші кезең - 1993-1995 жылдар аралығы болып, осы мерзімде жүргізілетін іс бағдарламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, Президенттің Жарлығымен бекіді. Ал үшінші кезең - 1996-1998 жылдарды қамтуға тиіс болды. Осымен байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылдайды. Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т. б. Сондай-ақ нарықтық экономикаға тән инфрақұрылымның да кейбір түрлері: биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді. Сөйтіп, нарықтық экономикаға қарай, меншіктің түрін өзгертуде, аралас экономика құруда біршама жұмыстар атқарылды.

Алайда, нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді.

Бірінші. Реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдіс-айласы да толық анықталмады.

Екінші. Барлық елге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің, өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, 93 жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. "Жапондық", "Немістік" тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қордың ұсынған "есеңгіретіп емдеу" деп аталатын жолына түсіп, Ресейдің

соңынан ерді. Ол Ресейден бөлек дербес экономикалық саясат жүргізу қиын деген желеумен жасалды.

Үшінші. Экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалуы арқылы жүзеге асуға тиіс. Ал Қазақстанға қажетті заң жүйесі жасалып бітпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру өкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты.

Төртінші. Қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмаған-ды. Реформаны жүзеге асыру үшін оған қажет механизмдерді жасау керек еді.

Бесінші. Инфляцияны (құнсыздандыруды) ауыздықтамаса ешбір істе береке болмайтыны белгілі. Бірақ осыған қарамастан мемлекеттегі қаржы, несие, ақша жүйесі ретке келмеді. Ұлттық, банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары пайызбен сатып, пайда табумен әуестенді.

Алтыншы. Қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейгені соншалық, ол қоғамның қатерлі ісік сияқты ең қауіпті ауруына айналды. Оған жаппай тәртіпсіздік, жауапкерсіздік қосылды. Міне, бұлар реформаны жасауда, қоғамды дұрыс дамытуда өздерінің кеселдерін тигізді.

Жетінші. Мемлекет басшылары экономикалық дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, оның ой-қырып, бүге-шігесін, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағалай алмады. Елді дағдарыстан бір-ақ жылда шығару саясаты жүргізілді. Бірақ, ол ешқандай нәтиже бермеді.

Сондықтан мемлекеттің алдында дағдарыстан шығудың жолдары қарастырыла бастады. Оның ең бастысы - бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Нарықтандырудың барысын, оның неден басталғанын, қалай басталғанын халық жете түсінбеді. Қазақстанда ырықтандыру 1992 ж. мұнайдың, мұнайдан шығатын өнімдердің, басқа да энергия көздерінің бағасы әлемдік бағаға дейін жоғарылауы керек деген ұранмен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғары таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті, оны көтеру мүмкін болмай қалды.

Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс - жекешелендіру. Ол жайында көп айтылды, көп жазылды. Мемлекеттік меншікті тезірек жойып, бәрін жеке меншікке айналдырсақ, халық жұмыла жұмыс істей, өндіріс жанданып, ел байып, бәрі де орнына келеді деп ойланды. Тәжірибе жүзінде олай болмай шықты. Жекешелендіру барысында елімізде үш бағыттағы /шағын, жаппай және жеке жобамен/ кәсіпорындар құрылған. Ауылдағы жеке шаруа, басқа құрылымдар, сондай-ақ, қаладағы жеке және қауымдастық түріндегі кәсіпорындар саны есепке алынған. Алайда, осыған қарамастан, ең бастысы - мемлекет меншігіндегі мүлік инфляцияны дұрыс ескерумен сатылды ма, оның қандай бөлігі текке берілді, қандай бөлігі қанша пайдамен немесе қанша зиянмен сатылды? Кейінгі мерзімде төлеуге берілген мүліктің мөлшері қандай? Жекешелендіруден не ұттық: өнімнің көлемі артты ма, баға арзандады ма, пайда көбейді ме? Бұл істегі нәтиже есептелген жоқ, талдау жасалған жоқ.

Нәтижесінде мемлекеттік меншікті жекешелендіру жарияланған екі кезеңінде де /1991-92 жж және 1993-95 жж/ мүліктің үлкен талан-таражға түсуіне жол берілді. Бұл халық шаруашылығы үшін берекесіздік тудырып, экономиканың күйреген, таяу жылдарда шыға алмайтын терең дағдарысқа ұшырауының басты себебінің біріне айналды. Сондай-ақ, елдің, экспортқа өнім шығаратын кәсіпорындары ескі әдетіне басып, өздерінің тауарларын эшелон-эшелонмен сыртқа жөнелте беруді ғана білді. Соның салдарынан республикадан 250 млрд. сомның өнімі сыртқа, негізінен алғанда Ресей Федерациясы мен ТМД елдеріне, су тегін кеткен болып шықты. Сондықтан бұл жағдай үкіметпен барлық экономикалық институттарды, Статистика мен Қолдау Комитетін қатыстыра отырып, терең талдау

жасауды талап етті. Тек осындай талдаудың қортындысына сүйене отырып, үкіметке алдағы уақытта нендей істерді жүргізуді анықтау керек болды.

Осымен байланысты 1994 жылдың қаңтарында экономикалық реформаны жүргізуді жандандыру жөніндегі шаралар туралы Президент қаулы қабылдады. Онда дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бағдарламада Қазақстандағы жүргізіліп жатқан реформалардың ерекшеліктері, елдің өндіргіш күштері, өндірістік қатынастар, өндірістік аппарат, игерілетін қазба байлық, елдегі 7 миллиондай еңбекке жарамды адам күші ескерілді. Бұдан басқа бағдарламада энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қойылды, өндірістің құлдырауы тоқтатылып, экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны ауыздықтау қажет екені айтылды. 1995 жылдың қараша айының 15-ші жұлдызында мемлекеттің өз ақшасы-теңге енгізілді.

1994 ж наурызда Президент Жарлығымен ауыл кәсіпорындарының өтей алмаған 2,2 млрд. сомдық несиесінің мерзімі екі жылға ұзартылды. Бірақ сол жылдың сәуірінен бастап энергияға, энергия көздеріне баға жоғарлады. Осыдан келіп инфляция тағы өсті, деңгейі 1260 пайызға жетті.

Реформаның барысында Қазақстанда 1994 жылдың күзінен үкімет макроэкономикалық реттеуді меңгере бастады. Бағаның өсуі біраз тежеліп, инфляцияның өсу қарқыны елеулі түрде төмендеді. Сол сияқты ұлттық банктің несиеге алатын пайызы да қауырт азайды. Ақша-қаражат саласында да осындай түзеліс байқалды. Өнеркәсіптің кей салаларында да оңға басушылық орын алды.

Жалпы дағдарыстан шығудың, реформаны жүргізудің пәрменді құралының бірі-экономикалық орталық болу тиіс еді. Алайда, Министрлер кабинетінде реформаны ойластырып, алға бастыратын орталық болмады. Экономика министрлігі ондай орталық бола алмады. Нәтижесінде 1994-1995 жылдары дағдарысқа қарсы шаралар мен реформаны тереңдету бағдарламасы негізінен орындалмай қалды. Макроэкономикалық тұрақтандыру және құнсыздануды тоқтатуға қол жетпеді, сыртқы сауда саясатын жасау да көңілдегідей болмай шықты, әлеуметтік саясат та халықтың басым көпшілігінің наразылығы өршіткені болмаса разы етпеді.

Нарықтық реформаға көшудегі жіберілген тағы бір қате - ол үкімет басшыларының елдің экономист ғалымдарына сенбеуі. Оның себебі бізде бұған дейін нарықтық экономика болмады, сондықтан біздің экономистер нарыққа көшудің жолдарын, түрлі тетіктерін білмейді деп есептелді. Осымен байланысты нарықтық экономикаға көшу үшін кеңесші ретінде экономист - ғалымдар АҚШ-тан, Франциядан, Түркиядан, Ресейден т. б. жерлерден шақырылды. Бірақ сол мемлекеттерден шақырылған экономист - кеңесшілер өз елінде, өз топырағында маман болғанмен, олар біздің жағдайды, халықтың менталитетін, психологиялық ерекшеліктерін ескермеді, тіпті білмеді де. Олардың білетіні Батыстың дамыған, қалыптасқан нарықтық экономикасы еді. Оған қоса ТМД елдерінде экономикалық дағдарыс капиталистік қоғамға тән классикалық артық өндіру дағдарысы емес, жетіспеушілік дағдарыс еді. Екіншіден, ол елдерде баяғы заманнан тауар өндірісі, тауарлық қатынастар толық қалыптасқан. Ал бізде бұлар болған жоқ. Үшіншіден, ТМД елдерінде социалистік экономикадан нарықтық экономикаға көшу тез қарқын алды. Сондықтан шетел экономистерінің кеңесі тиісті нәтижесін бермей, аяқсыз қалды.

Нарықтық қатынастарға көшу барысында бізде орын алған тағы бір үрдіс бар. Ол сонау Столыпин реформасынан, одан бері Қазан төңкерісінен кейінгі индустрияландыру, ұжымдастыру науқандары сияқты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге революциялық сипат беру. Ал біздің халық бұл үрдіске үйренбеген және ол халықтың психологиясына келе бермеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығын жекешелендіруде үкімет асығыстық жіберді. Дағдарыс жағдайында бой көтерген жеке фермерлер басқа халықты асырамақ түгіл, олардың көпшілігі өзін-өзі әрең асырап отырды. Нәтижесінде 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламаларда инфляцияны төмендету, өндірістің құлдырауын тоқтату және өндірістің ұлғаюы үшін жағдайлар жасау жоспарынан ешнәрсе шықпады. Сондықтан

мақсатты нұсқамалар түрінде 15 айға арналған қосымша бағдарлама қабылданды. Оның оң нәтижесі деп инфляцияның баяулауын айтуға болады, бірақ, өндірістің құлдырауын тоқтату мүмкін болмады. 1992 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақты болған 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%, 1993 жылы - 28%, 1994 жылы - 48%, ал 1995 жылы - 45% жетті.

**Оқытудың техникалық құралдар** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық  
**Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі**

**Күрделі деңгей:**

1.Өтпелі кезеңнің қиыншылықтары: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, тұрмыс деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, қылмыстың көбеюі себептері туралы тұжырым жасаңыз

**Орта деңгей:**

1. Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, оны жүзеге асырудың алғашқы табыстарын талдаңыз

**Жеңіл деңгей:**

1. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу туралы сипаттап жазыңыз

2. Жаңа экономикалық жүйені қалыптастырудағы қиыншылықтар мен кемшіліктерді атап көрсетіңіз

**БӨЖ және ОБӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері:**

1. ХХІ ғасырдағы экономиканың қазақстандық үлгісі.

2. Нұрлы Жол» бағдарламасы Қазақстанның тұрақты экономикалық тірегі.

**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі:**

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г.С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.

2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.

3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.

4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап ХІІІ ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. ХІІІ-ХVІІІ ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.

8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.

10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.

11.Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.



12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

#### **Қосымша:**

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
- 4.Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б,Кәрібаев, Қ. Қаражан.және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., ЖылгелдиновМ.Т.Астана, 2017
- 9.Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
- 10.Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы.Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст]: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы: Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

#### **WEB сайттар тізімі**

1. e-history.kz
2. tarikh.kz